

12-ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ - УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Бекетова А. Б.

*МКҚК «Ы.Алтынсарин ат. Рудный элеуметтік-гуманитарлық колледжі», II курс, мамандығы :Бастауыш білім беру
Ғылыми жетекші:Жайлаубаева И.Ж.,
педагогика және психология пәнінің оқытушысы*

Тәуелсіз еліміздің жедел даму саясатының негізінде қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіліп, жаңа талаптар қойылып отыр. Соның ішінде болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейдегі сапалы білім беру мақсатына орай жалпы ҚР білім беру жүйесіне жаңаша көзқараспен қарау басты міндет болып табылады.

Қазіргі таңда білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, оның парадигмасының өзгеруі білім мазмұны мен оқытудың жаңа технологияларының саны мен сапасының көтерілуі бәсекелестікке қарсы тұра білетін, ақыл-ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді. Сондай қоғамдағы түрлі өзгерістердің бірі – 12 жылдық оқыту моделі. Білім беруді жаңарту, үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үрдісі. 12 жылдыққа көшуді біртіндеп жүзеге асырудың жауапкершілігін ең бастысы – ата-аналар мен ұстаздар қауымы саналы түрде түсініп, дұрыс қабылдай білуі тиіс. Себебі айтпаса да түсінікті. Кез-келген ата-ана өз баласының қоғам мақсатымен, өз мақсатын ұштастыра байланыстыра алатын шығармашыл, өз бетімен шешім қабылдай алатын ой-өрісі дамыған, интеллектуалды, өз елінің патриоты болғанын қалайды.

12 жылдық мектептің жалпы орта білім беретін 11 жылдық мектептен басты ерекшелігі:

- ұлттық құндылықтарды баланың бойына сіңіру арқылы оның жан-жақты дамуына;
- өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне;
- адамға табиғатынан берілген шығармашылық қабілетімен толық ашылуына;
- әр елдің экономикалық, мәдени, саяси өміріне белсенді араласуына мүмкіндік беру.

12 жылдық оқытудың мақсаттары:

- өзін-өзі дамытуға;
- шығармашыл ізденімпаз тұлғаны қалыптастыруға;
- жеке тұлға интеллектісін дамыту;
- бала тұлғасындағы рухани және дене мүмкіндіктерін ашу.

Аталмыш мақсаттардан шығатын қорытынды білім беру жүйесі оқушы тұлғасын жан-жақты үйлесімді дамытуға толық бағытталған, жалпы білім берудің жаңа моделін ұсынып отыр.

Ал, бұл модель әлемнің дамыған алпауыт елдерінде қалыптасып дамып, өз нәтижесін беріп үлгірген. Төмендегі кестеде әлемдегі елдердің оқыту құрылымы жайлы мәлімет берілген.

Елдер	Оқыту құрылымы мен ұзақтығы
Жапония	6+3+3=12 жыл, 6 жастан
Корея Республикасы	6+3+3=12 жыл, 6 жастан
АҚШ	6+3+3=12 жыл, 6 жастан
Канада	6+3+3=12жыл, 6 жастан
Дания	6+3+3=12 жыл, 6 жастан
Қытай	6+3+3=12 жыл, 6 жастан
Испания	6+4+2=12 жыл, 6 жастан
Австралия	6+4+2=12 жыл, 6 жастан
Аргентина	7+3+3=12 жыл, 6 жастан

Франция	5+4+3=12 жыл, 6-7 жастан
Үндістан	5+5+2=12 жыл, 7 жастан
Италия	5+5+3=13 жыл, 6-7жастан
Норвегия	7+3+3=13 жыл,6-7жастан
Ұлыбритания	6+5+2=13 жыл,5-6жастан
Германия	4+6+3=13 жыл,7 жастан

Осы кезде барша педагогтар мен ата-аналарды мазалаған сұрақ туындайды. Біз неге 12 жылдық білім беруге көшеміз? 12 жылдыққа көшудің үш міндетін алға тартуға болады. Біріншіден, әлемдік стандарттарды қамтамасыз ету. Екіншіден, әлемдік тәжірибеге сәйкес бейіндік мектепті енгізу қажет. Негізгі міндет дамыған елдердегідей білім сапасына қоса, оқушыларға дер кезінде бағдар беріп, болашақ өміріне жол сілтеу. Қазірше бұл жағынан олқылығымыз баршылық. Сол себептен де нақты талдаулар жасалу үстінде. Мемлекеттік бағдарламада көрсетілген екі бағыт бойынша енді бейіндік мектептер құруды (11-12 сыныптар) жоспарлануда. Үшінші міндет – 12 – жылдық білім беруге көшу оқыту тұжырымдамасын түбегейлі өзгертеді, яғни “білімді тек жинап қана қоймай, өмірде қажетіне жарату”.

Жалпы 12 жылдық орта білімге көшу барысында мына мәселелерге аса көңіл аударылып отыр:

1. Білім беруге арналған оқулықтар мен оқу құралдарының оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі.

2. Мұғалімдердің білім беру барысында қолданатын әдіс тәсілдерінің оқушылармен жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік туғызу жағдайы.

3. Бірінші сынып оқушыларына білім берудің ойын әрекетіне негізделіп, біртіндеп оқу әрекетіне көшу талабының орындалуы, алты жасар баланың ерекшеліктерін ескеру мүмкіндігі.

4. Оқушының ойы мен тілін дамытудың, олардың еркін сөйлеуін, пікір сайысына қатысу деңгейін байқау.

5. Берілетін білімнің өмірмен, ұлттық салт-дәстүрлермен, жергілікті өлкетану материалдарымен байланысын қамтамасыз ету мүмкіндігі.

6. Білім беру барысында мұғалімнің бақылау, тәжірибе әдістерін ұтымды жерінде қолдана білу шеберлігі.

7. Сабақ мерзімінің 30-35 минуттан аспауы.

8. Мұғалімнің оқу-әдістемелік кешендерді пайдалану және оған талдау жасау шеберлігі.

9. Мектеп басшылары мен қоғамдық ұйымдар тарапынан эксперименттік сыныптар мұғалімдеріне көмек беру деңгейі.

Қазіргі қазақстандық мектептерді реформалаудың негізгі себептерін анықтауға болады. Атап айтсақ:

1. Оқушылардың шамадан тыс шаршауы;

2. Оқушылардың денсаулық деңгейінің төмендеуі.

3. Оқу бағдарламаларының шамадан тыс күрделілігі.

4. Жеке тұлғаға бағытталған білімнің төмендігі.

5. Бәсекелестіктің жеткіліксіздігі.

12 жылдық білім берудің моделін төмендегі кестелерден көруге болады:

I деңгей	II деңгей	III деңгей
Бастапқы білім беру (1-5 сыныптар). Бастауыш мектеп. Оқытуды бастау жасы – 6 жас. Оқыту ұзақтығы – 5 жыл.	Негізгі орта білім беру (6-10 сыныптар). Оқыту ұзақтығы – 5 жыл. Негізгі орта мектеп. Оқушының игерген білім, білік, дағды мен	Жалпы орта білім беру (11-12 сыныптар –

Оқушының даралығын ашу, оқу әрекетін игерту. Бастауыш мектептегі оқу әрекетін ұйымдастыру, бастауыш білім берудің оқу, жазу, есептеу, түпкілікті құзіреттіліктерді қалыптастыру бойынша білім, білік және дағдылардың қажетті жүйесін игертумен қамтамасыз ету.	әрекеттерінің базалық тәсілдеріне негізделген базалық мәдени деңгейі мен дүниетанымын қалыптастыру. Негізгі орта мектеп міндетті базалық деңгей болып табылады және базалық білім беру бағдарламаларын аяқтауды, негізгі орта білім берудің түпкілікті құзіреттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз ету.	бейіндік мектеп). Оқыту ұзақтығы – 2 жыл. Жоғары орта мектеп.
---	---	---

Аталмыш білім берудің нәтижелерінен күтілетін жетістіктерді саралау мақсатында бағалау жүйесі қалыптасқан.

Биылғы оқу жылынан бастап педагогика ғылымында мектеп оқушыларының білім жетістіктерін бағалауда критериалды бағалау жүйесі қолданысқа енгізілуде. Кез-келген мұғалім критериалдық бағалауды қолданбас бұрын оның өзіне тән терминологиясын толық меңгерген жөн. Сондықтан біз «критерий» деген сөздің мағынасын өзіміз түсінуіміз қажет.

Критерийлер-оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалды бағалау-бұл оқушылардың білім мазмұны мен мақсаттарына сай, оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыруда нақты анықталған, ұжыммен қалыптастырылған, алдын-ала оқушылардың барлығына белгілі, білім жетістіктерін бағалауға негізделген үрдіс. Осыған орай критериалды бағалау жүйесінің көздеген міндеттері бар. Төменде келтірілгендей:

- танымдық қабілеттерін, сыни ойлауын, есте сақтауын, оқушылардың оқу-танымдық әрекеттерін орындауға икемдеу;

- оқушылардың оқуға ынталаларын арттыру, бағалауға деген теріс, кері ұғымдарды жою, оқу барысында жауаптарды талдау, сараптаудағы белсенділігін арттыру;

- оқушылардың білімдерін жүйелеу, бекіту, тереңдету. Есте сақтауды бекіте түсу, оқушыларды шыдамды болуға және өзін ұстай білуге үйрету;

- оқушының сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыруы. Бағаға қарсы теріс көзқарастың болмауы;

- оқушы білімінің жүйеленуі, тереңдеуі, есте ұстауы. Оқушыны табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу;

- білім алу барысындағы қиындықты, қателікті, білім олқылықтарын және оның себептерін дер кезінде анықтауы;

- оқушының білім алу үдерісін қадағалап, дәл және жедел түрде сапалы білім алғаны жөнінде кері байланыс ақпараттың ақпараттың алуы;

- оқушының барлық жұмыс түрлерін бағалауы. (өзіндік жұмыс, ағымдағы бағалау, қорытынды бағалау, тренинг, үй жұмысы, шығармашылық т.б)

- оқушының білімін ағымдық және қорытынды бағалау, баға сапасын арттыру;

Оқу жылының басында ата-аналар мен оқушылар әрбір пәннің бағалау критерийлерімен танысып, хабардар болады. Оқушы жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі төменде қарастырылған міндеттерді шешеді:

Критериалды бағалау

Мұғалімдерге:



1. Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
2. Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
3. Білім беру сапасын арттыруға;
4. Оқытудың сапасын жақсартуға;

- 5.Өр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
- 6.Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
- 7.Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді;

Оқушыларға:

- 1.Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;
- 2.Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
- 3.Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысу;
- 4.Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

Ата-аналарға:

- 1.Өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;
- 2.Баланың оқудағы прогресін қадағалауға;
- 3.Оқу үдерісінде оқушыларға қолдау көрсетуге;
- 4.Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;
- 5.Баласының мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына мүмкіндік береді.

Қорыта келе, Елбасымыз жыл сайынғы халыққа арнаған жолдауында: «2020 жылға қарай біз оқытудың 12 жылдық моделіне толықтай көшетін боламыз. Ол үшін біз 2015 жылға қарай республикалық бюджет қаржысы есебінен кемінде екі жүз мектеп салып, осынша мектепті жергілікті бюджет есебінен тұрғызамыз» - деген болатын.

Бұдан шығатын қорытынды, 12 жылдыққа көшу заман талабы болып отыр. Қазақстанның болашағы білімді жастар десек, өркениетті елдердің тәжірибесінен алынған оқыту моделі болашақта өз жемісін береді деген сенімдемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы (жоба) «12 жылдық білім» журналы, № 8, 2006 ж.
2. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Астана, 2006 ж.
3. ҚР Президентінің Халыққа жолдауы, «Егемен Қазақстан» газеті, № 29-30 (26432), 24 қаңтар.
4. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты», 2014 жыл